

«КЕЛІСІЛДІ»
«Өскемен жоғары
политехникалық
колледжі» КМҚК
директоры

И. Исин
« » 2026 ж.



«КЕЛІСІЛДІ»
«Қоғалым
политехникалық
колледжі» БМ
директоры

И. Есена
« » 2026 ж.



«БЕКІТЕМІН»
«Шығыс Қазақстан
облысының білім
басқармасы» ММ
басшысы

Қ. Оқасов
«13» 2026 ж.



«Тиімді білім беру әдістемелері мен технологияларын пайдалану негізінде
болашақ маманның құзыреттерін қалыптастыру»
VI халықаралық ашық білім беру форумының
ЕРЕЖЕСІ

Өскемен қ., 2026 ж.

И. Исин

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Беларусь Республикасы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлері арасында өткізілетін «Тиімді білім беру әдістемелері мен технологияларын пайдалану негізінде болашақ маманның құзыреттерін қалыптастыру» тақырыбындағы VI халықаралық ашық білім беру форумының (бұдан әрі – Форум) мақсаттары мен міндеттерін, өткізу тәртібін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етілуін айқындайды.

1.2 Форумға Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Беларусь Республикасы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері қатыса алады.

1.3 Форумды өткізу мерзімі: **2026 жылғы 6-10 сәуір аралығы.**

1.4 Өткізу орны: Форум онлайн форматта «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК базасында өткізіледі.

1.5 Форум қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі.

1.6 Форумға қатысуға өтінімдер 1-қосымшаға сәйкес **2026 жылғы 31 наурызға дейін helen_ek@inbox.ru** электронды пошта арқылы қабылданады.

1.7 Форумға қатысу үшін тіркелу ақпараттық хатта көрсетілетін сілтеме арқылы **2026 жылғы 5 сәуірден кешіктірмей** жүргізіледі.

2. ФОРУМНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 **Форумның мақсаты** – Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Беларусь Республикасындағы әріптестермен пікір алмасу, тәжірибе бөлісу және серіктестік орнату үшін нетворкинг форматында халықаралық ашық алаң құру.

2.2 Міндеттері:

- Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы оқу орындары арасында тәжірибе алмасу;

- білім беру саласында одан әрі ынтымақтастықтың негізін қалыптастыру;

- техникалық және кәсіптік білім беру мәселелері бойынша пікірталас алаңын қалыптастыру.

3. ФОРУМДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1 Форумды өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

3.2 Ұйымдастыру комитеті:

- Форумды өткізу жұмыстарына тікелей басшылық жасайды;

- Форум бағдарламасын әзірлейді;

- Форум нәтижелері туралы ақпарат дайындайды.

3.3 Форум координаторлары:

- Екимова Елена Сергеевна – «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары;

- Шемшурина Светлана Анатольевна – «Когалым политехникалық колледжі» БМ әдістемелік бірлестік жетекшісі;

- Пуртова Юлия Алексеевна – «Когалым политехникалық колледжі» БМ директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

3.4 Форум туралы ақпарат ресми сайттарда және әлеуметтік желілерде жарияланады.

4. ФОРУМДЫ ӨТКІЗУ БАҒЫТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

4.1 Форум аясында озық тәжірибені тарату мақсатында шеберлік сыныптары өткізіледі (нақты уақыт режимінде – онлайн немесе видеожазба түрінде. Видеожазбаны трансляциялау баяндаушы немесе ұйымдастырушылар арқылы жүзеге асырылады). Әр оқу орнынан 5-тен артық емес шеберлік сыныбы ұсынылады.

Шеберлік сыныбының регламенті – 7-10 минут.

4.2 Форумдағы шеберлік сыныптардың бағыттары:

- **Жалпы білім беретін пәндер:** «Техникалық және кәсіптік білім беру аясында жалпы білім беретін пәндерді оқытудың ерекшеліктері»;

- **Энергетика:** «Кәсіби құзыреттерді дамыту. Колледждегі тәжірибеге бағытталған білім– білікті маман даярлаудың кепілі»;

- **Қызмет көрсету саласы:** «Шығармашылықтан кәсіби шеберлікке дейін»;

- **IT-технологиялар:** «Студенттердің практикалық қызметін ұйымдастыру арқылы базалық және кәсіби құзыреттерді қалыптастыру»;

- **«Колледж қызметін басқарудың инновациялық модельдері»** (колледж басшылары мен орынбасарларына арналған): «ТЖКБ жүйесіндегі тиімді менеджмент: сын-қатерлер мен шешімдер».

Шеберлік сыныптарының бағыттары мен тақырыптары келіп түскен өтінімдерге байланысты өзгертілуі мүмкін.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 705 465 14 15 – Екимова Елена Сергеевна, «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК директорының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары.

**«Тиімді білім беру әдістемелері мен технологияларын пайдалану негізінде
болашақ маманның құзыреттерін қалыптастыру»
VI халықаралық ашық білім беру форумына қатысуға
ӨТІНІМ**

| № | Білім беру ұйымының атауы | Қатысушының ТАӘ | Лауазымы | Бағыты | Шеберлік сыныптың тақырыбы | Байланыс деректері (e-mail-міндетті түрде, тел.: ватсап немесе телеграмм) | Ескерту |
|---|---------------------------|-----------------|----------|--------|----------------------------|---|---------|
| | | | | | | | |